

23 сәуір 2025 жылы Инновациялық білім беру факультеті, Психология және педагогика кафедрасының «Эмоционалды интеллект және тұлға тану» ғылыми мектебінің 2 курс студенттерінің ұйымдастыруымен **«Үнсіз гүлдер сыбыры» тақырыбында тренинг** өтті. Тренингті осы ғылыми мектептің жетекшісі п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Сабирова Жаңылсын Нұрмұханқызы, магистр, аға оқытушы Оңғарбай Айдана Нуржанқызы және 2 курс Психология мамандығының студенттері жүргізді. Тренингтің мақсаты-сөзбен емес- гүлмен сөйлеу, жүректен шыққан сезімдерге арналған. Әр гүл- бір адам. Әр адам - бір әлем.

Қыздар сахнаға жеке-жеке гүл бейнесінде шығады. Қолдарында әртүрлі гүлдер (раушангүл, лилия, қызғалдақ, пион, орхидия, гортензия және т.б.) сол гүлдер бойынша таныстырылым. Студенттерге, оқытушыларға гүл әлемінен сұрақтар қойылып, жұмбақтар беріліп, қызықты жауаптар алынды. Гүлдер арқылы өзіңмен жұмыс жасау жолдары көрсетілді. Қатысушылар керемет әсер алды.

Шараға кафедра оқытушылары қатысты. Кафедраға Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында - Коханд (Өзбекистан) университетінен келген п.ғ.к., профессор Календарова Зарафшан Калбаевна қатысып, өз әсерлерімен бөлісті.



